

## Оңтүстік Қазақстан облысының жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2006 жылғы 29 қыркүйектегі N 25/294-III шешімі және Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімиятының 2006 жылғы 2 қазандағы N 332 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облыстық әділет департаментінде 2006 жылғы 13 қазанда N 1944 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес тиісті аумақтардағы тұрғындардың пікірлерін ескере отырып Арыс, Отырар және Төлеби аудандары мәслихаттары мен әкімияттарының ұсыныстары бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктері:

Арыс ауданы бойынша  
Дермене ауылдық округінің Бөген ауылы - Саналы болып;

Отырар ауданы бойынша  
Ақтөбе ауылдық округі - Аққұм ауылдық округі болып;

Төлеби ауданы бойынша  
Первомаевский ауылдық округі - Бірінші Мамыр ауылдық округі болып;  
Первомаевка ауылы - Бірінші Мамыр ауылы болып қайта аталсын.

2. Шешім Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*Облыс әкімі*